20815392970

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 27 желтоқсан № 7119-23-00-2/15697 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М. Утегенова,
сот отырысының хатшысы Д.К. Смагулованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
«AITQALI ASQAT» атынан - Айткали Асхат Абдуахитұлы ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Д.М.Тугамбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 28 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – талап қоюшы) мен «AITQALI ASQAT» атынан - Айткали Асхат Абдуахитұлы ЖК (бұдан әрі – жауапкер) арасында мемлекеттік сатып алу туралы №359 шарт жасалды.

Шарттың жалпы сомасы 585 555,55 теңге.

Шарттың және шартқа техникалық ерекшеліктің шеңберінде жауапкер 1 дана тақта бағдарламашасын шарт жасалған күннен бастап 16 күнтізбелік күн, яғни 2023 жылғы 14 қазанға дейін жеткізуге тиіс болған.

Жауапкер шарт бойынша өз міндетін орындамаған, талап қоюшыға тауар жеткізбеген.

2023 жылғы 31 қазанда талап қоюшы жауапкермен шартты бұзған.

Документ подписан: Утегенова А. М., 05.01.2024
Дата вступления в законную силу: 08.02.2024, судья Нурланов Б. К., 19.03.2024
7119-23-3-6/1267

Сот отырысында талап қоюшы талаптарын қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікірін бермеген, сонымен қатар істі қарау уақыты мен күні тіралы тиісінше хабарландырылған, алайда, сот отырысына қатыспады. Осыған байланысты, АІЖК-нің 196 бабына сәйкес сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарау туралы шешім қабылдады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Талап қою ЖК тарапынан 1 дана тақта бағдарламашасын жеткізілмеген деп уәжделген.

Шарт талаптары бойынша жауапкер өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Бұл ретте, жауапкермен тапсырысты орындай алмауына байланысты, талапкер 2023 жылғы 31 қазанда № 359 шарттың күшін жойды.

Азаматтық кодекстің (ары қарай - АК) 272-бабына сәйкес Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Документ подписан: Утегенова А. М., 05.01.2024
Дата вступления в законную силу: 08.02.2024, судья Нурланов Б. К., 19.03.2024
7119-23-3-6/1267

Тауарды жеткізу бойынша міндеттемелер орандалмағандықтан, сот талапкердің талаптарын негізді және қанағаттандырылатын деп санайды.

Сот, ұсынылған құжаттармен расталған тауар жеткізілмегенін ескере отырып, мемлекетік сатып алудың жосықшы қатысушысы деп тану туралы талабын негізді және заңды деп санайды.

Мемлекеттік баж АПК-нің 117- бабына сәйкес өндіріліп алынуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қою – қанағаттандырылсын.

Айткали Асхат Абдуахитұлы тұлғасындағы «AITQALI ASQAT» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Айткали Асхат Абдуахитұлы тұлғасындағы «AITQALI ASQAT» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.М. Утегенова

Документ подписан: Утегенова А. М., 05.01.2024

Дата вступления в законную силу: 08.02.2024, судья Нурланов Б. К., 19.03.2024

7119-23-3-6/1267